

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Abai Kazakh National Pedagogical University

# ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Филология ғылымдары» сериясы  
Серия «Филологические науки»  
Series «Philological sciences»  
№ 4 (90), 2024

Алматы, 2024

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Abai Kazakh National Pedagogical University

# ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Филология ғылымдары» сериясы  
Серия «Филологические науки»  
Series «Philological sciences»  
№ 4 (90), 2024

Абай атындағы  
Қазақ ұлттық педагогикалық  
университеті

ХАБАРШЫ  
«Филология ғылымдары» сериясы  
№4 (90), 2024 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.  
2000 ж. бастап шығады.

Бас редактор:  
филол.ғ.д., проф. Абишева С.Д.

Бас редактордың орынбасары:  
филол. ғ. д., проф. Есенова К.У.

Ғылыми редактор:  
PhD, қауымд. проф. м.а. Сабирова Д.А.

Редакциялық алқа:  
филол. ғ. к., қауымд. проф. Жиренов С.А.  
филол. ғ. к., қауымд. проф. Сатемирова Д.А.  
филол.ғ.д., проф., Эл-Фараби ат. ҚазҰУ

Джолдасбекова Б.У.  
пед.ғ.д., проф., эл-Фараби ат. ҚазҰУ

Салханова Ж.Х.  
филол.ғ.д., проф., ҚазҰҚызПУ

Кынова Ж.К.  
PhD, қауымд. проф.м.а., Т. Жүргенов ат.  
Қазақ ұлттық өнер академиясы

Жалалова А.М.  
филол.ғ.д., доцент, Таулы Алтай  
мемлекеттік университеті

Алексеев П.В. (Ресей)  
филол. ғ.д., проф., Ресей халықтар  
достығы университеті

Бахтикереева У.М. (Ресей)  
филол.ғ.д., проф., Варминь-Мазур  
университеті Киклевич А.К. (Польша)

PhD, проф., Джордж Вашингтон  
университеті Роллберг П. (АҚШ)  
PhD, проф., Орталық Ланкашир  
университеті

Табачникова О.М. (Ұлыбритания)

Жауапты хатшы:  
PhD, қауымд. проф. м.а. Серикова С.К.

Техникалық хатшы:  
филол.ғ.к., қауымд. проф. Османова З.Ж.

© Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университеті, 2024

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрлігінде  
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген  
№10109-Ж

Басуға 30.12.2024 қол қойылды.  
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 15,1 е.б.т.  
Тапсырыс 173.

050010, Алматы қаласы,  
Достық даңғылы, 13.  
Абай атындағы ҚазҰПУ  
Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университетінің  
«Ұлағат» баспасы

МАЗМҰНЫ  
СОДЕРЖАНИЕ  
CONTENT

ТІЛ БІЛІМІ  
ЛИНГВИСТИКА  
LINGUISTICS

Arkhangelskaya A. Magical gesture in the sign cultural and national space of Ukrainian and Russian phraseology..... 5

Архагельская А.М. Украин және орыс фразеологизмдерінің символдық-мәдени және ұлттық кеңістігіндегі сикырлы кимыл

Архагельская А.М. Магический жест в знаково-культурном и национальном пространстве украинской и русской фразеологии

Адибаева Ш.Т., Казабеева В.А. Классификация триггерных тем. К вопросу проведения судебной лингвистической экспертизы..... 15

Адибаева Ш.Т., Казабеева В.А. Трэггерлі тақырыптарды сыртқылау. Соттық лингвистикалық сараптама жүргізу мәселесіне қатысты

Adibayeva S., Kazabeyeva V. Classification of trigger topics. The issue of conducting forensic linguistic expertise

Кенжегалиева М.К. Көптілділік жағдайында жастар арасында қазақ тілін қолдану динамикасының өзгеруі..... 22

Кенжегалиева М.К. Изменение динамики использования казахского языка среди молодежи в условиях полиязычия

Kenzhegaliyeva M. Changes in the dynamics of the use of the Kazakh language among young people in the context of multilingualism

ӘДЕБИЕТТАНУ  
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ  
LITERARY STUDIES

Абишева С.Д., Атембаева Г.А., Хавайдарова М.М. Образ Казахстана в художественной литературе..... 34

Абишева С.Д., Атембаева Г.А., Хавайдарова М.М. Көркем әдебиеттегі Қазақстан бейнесі

Abisheva S., Atembayeva G., Khavaidarova M. The image of Kazakhstan in fiction

Бисенғали З.-Г.Қ., Жолдасқалиқызы Ә. «Даңқ пен дақпырт» романындағы дәуір шындығы..... 41

Бисенғали З.-Г.Қ., Жолдасқалиқызы А. Реалии эпохи в романе «Известность и молва»

Bisengali Z.-G., Zholdaskalikyzy A. The realities of the era in the novel «Fame and rumor»

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Филологические науки» №4 (90), 2024 г.

Периодичность – 4 номера в год. Выходит с 2000 года.

Главный редактор  
д.филол.н., проф. Абишева С.Д.

Зам. гл. редактора  
д.филол.н., проф. Есенова К.У.  
Научный редактор  
PhD, и.о.ассоц.проф. Сабирова Д.А.

Редакционная коллегия:  
к.филол.н., ассоц. проф. Жиренов С.А.  
к.филол.н., ассоц. проф. Сатемирова Д.А.  
д.филол.н., проф., КазНУ имени Аль-Фараби Джолдасбекова Б.У.  
д.пед.н., проф., КазНУ имени Аль-Фараби Салханова Ж.Х.  
д.филол.н., проф., КазНУ имени Аль-Фараби Жынова Ж.К.  
PhD, и.о.ассоц.проф. КазНАИ имени Т. Жургенова Жалалова А.М.  
д.филол.н., доцент, Горно-Алтайский государственный университет Алексеев П.В. (Россия)  
д.филол.н., проф., РУДН Бахтикерева У.М. (Россия)  
д.филол.н., проф., Варминьско-Мазурский университет Киклевич А.К. (Польша)  
PhD, проф., Университет Джорджа Вашингтона Роллберг П. (США)  
PhD, проф., Университет Центрального Ланкашира Табачникова О.М. (Великобритания)

Ответственный секретарь:  
PhD, и.о.ассоц.проф. Серикова С.К.

Технический секретарь:  
к.филол.н., ассоц. проф. Османова З.Ж.

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2024

Зарегистрировано в Министерстве культуры и информации РК 8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 30.12.2024.  
Формат 60x84 1/8. Объем 15,1 уч.-изд.л.  
Заказ 173.

050010, г. Алматы,  
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»  
Казахского национального педагогического университета имени Абая

Герчинска Д. Казахстанско-польские литературные связи: исследование взаимовлияния и культурного обмена..... 46

Герчинска Д. Қазақстан-Польша әдеби байланысы: өзара әсері және мәдени қарым-қатынасты зерттеу  
Gierczyńska D. Kazakh-Polish literary relations: a study of mutual influence and cultural exchange

Казтаева А.К., Токшылыкова Г.Б. Өмір тарихтың өзінен алынған туынды..... 53

Казтаева А.К., Токшылыкова Г.Б. Художественное произведение, рожденное самой историей жизни  
Kaztayeva A., Tokshylykova G. A work of art, born from the very history of life

Нурақбаева А., Мәтбек Н. Қазақ прозасындағы микрожанрлардың жанрлық ерекшеліктері..... 59

Нурақбаева А., Мәтбек Н. Жанровые особенности микрожанров в казахской прозе  
Nurakbayeva A., Matbek N. Genre characteristics of microgenres in Kazakh prose

Оспанов Е.Т., Мергенбаева А. Е. Қазіргі қазақ балалар әдебиетінде фольклорлық символиканы қолдану: психолінгвистикалық аспектілері..... 65

Оспанов Е.Т., Мергенбаева А. Е. Использование фольклорной символики в современной казахской детской литературе: психолінгвистические аспекты  
Ospanov Y., Mergenbayeva A. The use of folklore symbols in modern Kazakh children's literature: psycholinguistic aspects

Тлеубекова Б.Т. Көркем шығармалардағы элеуметтік мәселе..... 78

Тлеубекова Б.Т. Социальная проблема в произведениях искусства  
Tleubekova B. Social problem in works of art

## ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ PROBLEMS OF PEDAGOGY AND METHODOLOGY

Оспанов Е.Т., Жетписов Е.Ж. Орта мектепте фольклорлық шығармаларды жасанды интеллект арқылы оқыту әдістемесі (5-7 сынып)..... 84

Оспанов Е.Т., Жетписов Е.Ж. Методика преподавания фольклорных произведений с использованием искусственного интеллекта в средней школе (5-7 классы)  
Ospanov Y., ZhetpisoV Y. Methodology for teaching folklore works using artificial intelligence in secondary schools (grades 5-7)

**Abai Kazakh National  
Pedagogical University  
BULLETIN  
№4 (90), 2024**

**Editor-in-chief**

*Doctor of Philological Sciences, Professor  
Abisheva S.*

**Deputy Editor-in-chief**

*Doctor of Philological Sciences, Professor  
Essenova K.  
Scientific Editor  
PhD, Associate Professor Sabirova D.*

**Editorial board**

*Candidate of Philological Sciences, Associate  
Professor Zhirenov S.*

*Candidate of Philological Science, Associate  
Professor Satemirova D.*

*Doctor of Philological Sciences, Professor,  
Al-Farabi Kazakh National University*

**Dzholdasbekova B.**

*Doctor of Pedagogical Sciences, Professor,  
Al-Farabi Kazakh National University*

**Salkhanova Zh.**

*Doctor of Philological Sciences, Professor,  
Kazakh National Women's Teacher Training  
University Kiyнова Zh.*

*PhD, Associate Professor, T. Zhurgenov  
Kazakh National Academy of Arts*

**Zhalalova A.**

*Doctor of Philological Sciences, Associate  
Professor, Gorno-Altaysk State University*

**Alekseyev P.** (Russia)

*Doctor of Philological Sciences, Professor,  
RUDN Bakhtikireeva U.* (Russia)

*Doctor of Philological Sciences, Professor,  
University of Warmia and Mazury*

**Kiklewicz A.** (Poland)

*PhD, Professor, George Washington  
University Rollberg P.* (USA)

*PhD, Professor, University of Central  
Lancashire Tabachnikova O.* (The United  
Kingdom)

**Executive Secretary**

*PhD, Associate professor Serikova S.*

**Technical Secretary**

*Candidate of Philological Sciences, Associate  
professor Osmanova Z.*

©Abai Kazakh National Pedagogical  
University, 2024

Registered  
in the Ministry of Culture and Information of the  
Republic of Kazakhstan  
8 May 2009 No 10109-Zh/Ж

Signed in print 30.12.2024  
Format 60x84 1/8. Volume 15,1  
teaching and publishing lists.  
Order 173.

050010, Almaty, Dostyk avenue 13,  
Abai KazNPU  
Publishing House "Ulagat" of the Abai Kazakh  
National Pedagogical University

**Umarova A.** CLIL technology in teaching Russian language  
to students-historians at a pedagogical university..... 90

**Умарова А.Б.** Педагогикалық жоғары оқу орнында  
тарихшы-студенттерге орыс тілін оқытуда CLIL  
технологиясы

**Умарова А.Б.** CLIL в обучении русскому языку  
студентов-историков в педагогическом вузе

**ЖУРНАЛИСТИКА  
ЖУРНАЛИСТИКА  
JOURNALISM**

**Мадиев С., Шарапиева Р.** Интерактивті ортадағы баспа  
өнімдері: дәстүрлі және жаңа медиа байланысы..... 97

**Мадиев С., Шарапиева Р.** Печатная продукция в  
интерактивной среде: традиционные и новые  
медиакоммуникации

**Madiyev S., Sharapiyeva R.** Printed products in an  
interactive environment: traditional and new media  
communications

**АУДАРМАТАНУ  
ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ  
TRANSLATION STUDIES**

**Мукашева А.А.** Аударма ісіндегі заң терминдерінің  
лингвомәдени және құқықтық ерекшеліктері..... 103

**Мукашева А.А.** Лингвокультурные и правовые  
особенности юридических терминов в переводческом  
деле

**Mukasheva A.** Linguocultural and legal features of legal  
terms in translation

**Біздің авторлар..... 115**

**Наши авторы  
Our authors**

FTAMP 17.07.41

10.51889/2959-5657.2024.90.4.008

Казтаева А.Қ.<sup>1\*</sup>, Тоқшылыкова Г.Б.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Алматы, Қазақстан

\*e-mail: aiym.kaztaeva@mail.ru

e-mail: gulnaz\_lit75@mail.ru

## ӨМІР-ТАРИХТЫҢ ӨЗІНЕН АЛЫНҒАН ТУЫНДЫ

### Аңдатпа

Сан жылдар бойы бұрмаланған дәстүріміз бен ұлттық болмысымызды тарихи қалың қабаттарынан аршып, құндылығымызды дәріптеу, тәуелсіз көзқарас тұрғысынан оң бағасын беру – зерттеудің өзектілігі болып табылады. Зерттеу нысанына жазушы Сәкен Жүнісовтің “Ақан сері” дилогиясы алынды. Мақалада авторлар әдеби шығармаларда көрініс тапқан барымта салтының қазақ халқының өміріндегі орны мен мәнін айқындауды мақсат етеді. Осы мақсатқа жету барысында ғалымдардың тәуелсіздік көзқарас тұрғысынан жазылған тарихи еңбектерін кеңінен пайдаланады. Нәтижесінде тарихшылар мен ел өмірін тереңнен қаузайттын жазушылардың көркем шығармаларындағы сабақтастық пен байланысты дилогиядан келтірілген мысалдар арқылы дәлелдеп отырады. Зерттеудің құндылығы – ғылымда бүгінге дейін тарихи, этнографиялық, құқықтық, мәдени тұрғыда жазылып келген барымта салтының әр кезеңдегі (кеңестік, тәуелсіздік) қазақ әдебиетіндегі көрінісіне, оны жазудағы жазушылардың көзқарасы мен ұстанған авторлық позициясына алғаш талдау жасалғандығында. Қазақ прозасында қазақтың барымта салтының күнгейі мен көлеңкелі тұстарын ашып көрсеткен туындылар жетерлік. Зерттеу сан ғасырлық тарихы бар қазақ салтында ел ішіндегі тәртіп пен қарым-қатынасты реттеуде өзіндік орны мен мәні бар барымта салтының ұлттық сипатын ашуға бағытталған.

**Түйін сөздер:** қазақ қоғамы, жылқы, барымта, салт, құқықтық дәстүр

Казтаева А.Қ.<sup>1\*</sup>, Тоқшылыкова Г.Б.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая

Алматы, Казахстан

\*e-mail: aiym.kaztaeva@mail.ru

e-mail: gulnaz\_lit75@mail.ru

## ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ПРОИЗВЕДЕНИЕ, РОЖДЕННОЕ САМОЙ ИСТОРИЕЙ ЖИЗНИ

### Аннотация

Актуальность исследования заключается в том, чтобы снять исторические пласты нашего национального самосознания и традиций, которые были искажены за многие годы, прославить нашу ценность, дать положительную оценку с независимой точки зрения. Предметом исследования стал роман-дилогия «Ақан сері» писателя Сакена Жунисова. В статье авторы ставят целью определить место и значение традиции барымта в жизни казахского народа, отраженной в литературных произведениях. В процессе достижения этой цели широко используются исторические труды ученых, написанные с точки зрения независимости. Авторы на примерах доказывают наличие преемственности и связи в художественных произведениях писателей и историков, глубоко обогащающих жизнь страны. Известно, что традиция заложников зафиксирована в науке до сегодняшнего дня в историческом, этнографическом, правовом и культурном смыслах. Актуальность данного исследования

состоит в том, что впервые анализируются проявления традиции барымта в каждый период казахской литературы (советский период, период независимости), взгляды писателей на этот обряд и авторская позиция. Исследование направлено на выявление национального характера традиции барымта, имеющий свое место и значение в регулировании порядка и отношений внутри страны.

**Ключевые слова:** казахское общество, конь, заложник, традиция, правовая традиция

*Kaztaeva A.K.<sup>1\*</sup>, Tokshlykova G.B.<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University*

*Almaty, Kazakhstan*

*email: aiym.kaztaeva@mail.ru*

*email: gulnaz\_lit75@mail.ru*

## **A WORK OF ART, BORN FROM THE VERY HISTORY OF LIFE**

### *Abstract*

The relevance of the study is to remove the historical layers of our national consciousness and traditions, which have been distorted for many years, to glorify our value, to give a positive assessment from an independent point of view. The subject of research was the novel dialogue “Akan seri” by the writer Saken Zhunisov. In the article, the authors aim to determine the place and significance of the hostage tradition in the life of the Kazakh people, reflected in literary works. In the process of achieving this goal, historical works of scientists, written from the point of view of independence, are widely used. With examples from the text, the authors prove the presence of continuity and connection in the artistic works of writers and historians, which deeply enrich the life of the country. It is known that the tradition of hostages is recorded in science to this day in historical, ethnographic, legal and cultural senses. The relevance of this study is that for the first time the manifestations of the hostage tradition in each period of Kazakh literature (Soviet period, period of independence. On the basis of literary materials, the characteristic features of the product and the purpose of its creation are determined.

**Keywords:** Kazakh society, horse, hostage, tradition, legal tradition

**Кіріспе.** Заманында жылқы малы да идеология құралына айналғанына тарих куә. Түрлі тарихи кезеңдерде қазақ ұлтымен бірге жылқы малы да аз құдай көрген жоқ. Отаршылдар оны азайту, жою мақсатында ашық, жасырын түрде түрлі қитұрқылықтарға жол берді. Ұлан-байтақ кең далада жүйрікті мініп, еркін жүрген қазақ баласының отарлықтың шырмауына шырмалып, қиын жағдайға тап болуының бір ұшын зерттеушілер жылқы малымен байланыста алуы негізсіз емес.

Зерттеу объектімізге алынып отырған С.Жүнісовтің Ақан сері роман-дилогиясы қазақтың азаматы, атақты әнші, сал-сері Ақан сері Қорамсаұлының өмірі мен жүйрік тұлпары Құлагер трагедиясын жазуға ғана бағытталмаған. «Тарихи және заман шындығы әрбір әдеби туындының бастау көзі болып табылатынын ескерсек, жазушы өнер иесі Ақан серінің қайшылықтарға толы азапты да күрделі өмір жолын қазақ даласын отарлау саясаты, оның ұлтымызға тигізген кеселдері мен зардаптарымен байланыстыра, сабақтастыра суреттеген» [1].

Бір сәтке де қалғымайтын қатаң тоталитарлық режимнің мақсат, мүддесін, пиғылы мен ниетін түсініп, тереңінен сезіне білген әрі ұлтының өткен заманының тарихи парақтары өшіріліп, бұрмаланып жатқандығына іштей күйзелген жазушы мақсатты, саналы түрде осы романды жазды деуге болады [2]. Қазақ үшін көне дәуірдегі грек оқымыстысы Плутархтың еңбегінен (Салыстырмалы ғұмырнаме) асып түскен бұл романның астарлы идеясы мен ұлтымыз үшін қаншалықты құнды, маңызды екендігі бүгінде айтылып жүр.

**Әдістер мен материалдар.** Зерттеу материалы ретінде С.Жүнісовтің Ақан сері дилогиясы алынды. Алға қойылған міндетке сәйкес әдеби-тарихи, тарихи-типологиялық, салыстырмалы-типологиялық әдістер қолданылып, мылқау шешеннің күйін кешкен жазушы романы интерпретацияланды. Барымта салтының қасақана бұрмаланып, отарлаушылардың өз мақсатына қарай сипатын өзгертіп, қисық айнадан қарауды мақсатты түрде қалыптастырғанын дәлелдеу үшін салыстыру, сипаттау, түсіндіру әдістері қолданылды. Айтылған ой-пікірлердің жалаң, негізсіз еместігін көрсету мақсатында тарихи, тарихи-мәдени, әдеби талдау басшылыққа алынып отырды. Нәтижесінде тарихшылар айтқан деректің әлеумет өмірінде үлкен орын алғандығы суреткерлер туындыларынан алынған мысалдар арқылы дәлелденіп, дәйектелді.

Қазақтың дәстүрінде, мәдени санасында өзіндік орны, мәні, принципі болған барымта салтына отаршылдар негативті сипат жамап, ұрлық, қастандық ретінде танытып, ұлттың өзін жирендірді. Бүгінде баукеспе ұрыларды барымташы деп атап, жаңылысып жүргеніміз де осыдан. Қазақ ұланының өзі барымтаның түпкі шығу себебі мен көшпелі халық өміріндегі маңызының қандай екенін саралай, бағалай алмайтын, оның нышанын ажырата білмейтін күйге жетті. Сондықтан түрлі тарихи, мәдени, әдеби дерек, оқиғаларға сүйене отырып, қазақтың сан ғасырлық мәдениетінде өзіндік орны болған барымта салтының ақ-қарасын ажыратып, өзіндік сипатын көрсетудің қажеттілігі туындайды. Бұл бүгінгі өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сезімнің күшейіп, ата-баба дәстүріне, өткен тарихымызға құрметпен қарауға, оның сара жолынан өзіне қажетті өнегесін алуына мүмкіндік береді. Барымтаның отаршылдар айтқандай, ұрлық, тағылық емес, ата дәстүр рұқсат берген келісімге келудің, ымыраласудың бір түрі екенін білу маңызды әрі қажет.

Отарлау – қазақ ұлтының болмысы мен санасын, рухын жаныштады. Сәкен Жүнісов қылышынан қан тамған кеңестік заманның өзінде осы романында империялық астамшылықтың тарихы тым тереңде жатқанын көрсетіп берді. Оның салдарының қалай боларын біліп, көріп, сезінсе де, күштің тең еместігін түсінгендіктен басқадай жолды ұстанды (С. Қирабаев). Яғни, қалың қазақты оқытып, ғылымды игеру арқылы жеңіске жетуді көздеді. Эволюциялық басқыштың төменгі басқышында (*әрине басты критерий еуропалықтардың мәдениетіне қарай болғандықтан*) орналастырылған көшпелілер жоғары басқыштағы халықтарды мықты рухымен, даналығымен, қала берді күшімен де талай мойындатқанына қарт тарих куә. Романда С. Жүнісов патша үкіметін даттаған, отарлаушы пиғыл иесі – патша деп көрсеткен болып отырып, отарлық саясатты әшкерелеген әрекетін ерлікке балауға болады. Қазақ жеріне теріс пиғылмен, құртамын деп қылышын сүйретіп келген жау әрқашан өзіне сол жерден ажал табады. Автор халық қоштамаған әділетсіз соғыс түбі күйреумен бітеді дегенді айтады [3, 376]. Өркөкіректік шовинизм, асқынған түрі фашизмге әкелетіні түсінікті. Бұл жөнінде А.Айталы: «менменсіген орыс шовинизмі еуропа ұлтшылдығы алдында төменшіктеп, бәсеңдеп қалады. Орыстардың чем быть азиатом в Европе, лучше быть европейцем в Азии деуі, Ресейдің азиялықтарды айтқанына көндіру, мойын ұсындыру мақсатын айқындайды. Орыс интеллигенциясы өзін-өзі танудан гөрі, Азияда нағыз еуропашылдар болғысы келеді. Бірақ қандай тыраштанғанымен орыс отаршылдары орыстанудан, шоқындырудан, елді мекен, жер-су аттарын орыстандырудан аса алмады, еуропалықтардай ел басқарудың өркениетті үлгісін көрсете алмады [4]. Олар ұлыдержавалық сананы иеленді. Бұл сөзіміздің дәлелі ретінде қолдан жасалған аштықтан қырылып жатқан қазақ халқына астық тауып бермей, орнына елі мың қасықты ұсынған абсурдты айтуға болады [5].

Қазақ даласын, мәдениеті мен әдебиетін, менталитеті мен психологиясын әбден зерттеген миссионерлердің еңбектеріне жүгіне отырып, жоспарлы түрде жасалған қазақ ұланын жылқыдан айыру саясаты еш қиындықсыз, тез арада жүзеге асты. Көптеген жылқытанушы ғалымдардың ой-пікір, тұжырымдарын зерделей, сараптай келе, барлығының пікірі бір арнаға тоғысатыны байқалады. Олардың пайымынша, арынды, батыл, жігерлі қазақ жылқыдан алыстаған соң пұшайман күйге түсті: ұсақталды, жағымпаздыққа жол берді, тілінен



айрылды т.б. Патшалық заманнан мақсатты түрде басталған бодандық қазақ рухын қалғытып, құндылығынан айырды. Роман басындағы -Екатерина ұланғайыр Ресей империясында талайларды ат қып мініп, отыз жылдай тақымында ұстаған деген Сүлеймен аузына салынған сөз де жоспарлы түрде беріліп отыр. Бұл – дәл сол кезеңдегі қазақ басына түскен нәубет болатын. Оны жазушы Қылышпай қарттың баяғы заман келмеске кетіп барады. Елің, жұртың қазір бір ақ патшаның ауқымына бағындық. Жұмса – жұдырығында, ашса – алақанындамыз. Әділдік те соның қолында деген сөздері арқылы шегелейді. Романда қазақ даласына келген орыстың жаңасы мен көнесі, күнгейі мен көлеңкесі Ақан мен дәрігер Новиков диалогы арқылы да тарқатылып отырады. Шөбі шүйгін, шұрайлы қоныстар келімсектердің еншісіне тиіп, ата қонысы, мал жайылымынан айрылған халықтың тіршілігі де кері кетті.

**Нәтижелер және талқылау.** «Ақан – заманның баласы. Ол заман, өткен тоқсан тоғыз, жүзінші жылдар, қазақ даласын оңтүстік пен солтүстіктен екі албастының келіп басқан заманы. Біреуі – Бұқардан ишандардың, қазіреттердің, молдалардың, халфелердің шаңырақтай сәлделеріне, күпілерінің күйектей етектеріне жабысып келген мұсылман албастысы. Екіншісі – болыстардың знак, мөрлеріне, тілмаш, учительдердің қақиған картоздарына, сымпиған шалбарларына оралып келген албасты. Ол дәуір – екі албастының кесірінен елдің өмірі іріп, шіріп, тілінің тарғылданған дәуірі» [6, 73] деп Мағжан Жұмабаев Ақан өмір сүрген заманға лайықты бағасын берген. Орыс патшасының отарлау шеңбері ұлғайып, қазақ даласына дендей еніп, бекіністер салынып, шұрайлы жеріне келімсектер қоныстанып, отарлық темір құрсаудай қыса бастады. Романда орыс тілінен енген сөздер көп. Автор оны мақсатты түрде енгізген. Кеңес заманының жазушысы С.Жүнісовтің логикасы мықты. Диалогиясында албастылар дәуірінде өмір сүрген Ақан серінің балалық шағы немесе жас кезін емес, жоспарлы түрде ақын, ел азаматы ретінде қалыптасу кезеңін суреттеп отыр. Көздеген нысанасы – қазақ даласына озбырлықпен, дөрекілікпен, дандайсып келген отарлаушылардың толық бет-бейнесін әшкерелеу. Патшалық басқару жүйесінің қазақ даласына дендей енуі әсіресе Тақыр қоян, патша тұяғы бөлімінде айқын көрініс тапқан.

Шығармадағы патшалық империяның қазақ даласындағы сенімді өкілдері – озбыр, жемқорлар Коновалов пен Радзилевичтің образын автор олардың диалогы, іс-әрекеті арқылы жарқыратып ашып көрсетеді. Екеуінің де көздегені – байлық, аңғал әрі сенгіш халық пен жағымпаз әрі атаққұмар болыстарын пайдаланып, ойға келгендерін жүзеге асырып жүрген сұмдар. Олар өздері отарлап отырған елде әділдік орнатып, ағартушылықты, прогресті көздеп жүргендер қатарынан емес. Керісінше, ауызбіршілігі жоқ бай, болыстарды бір-біріне айдап салып, қазақ қоғамын паракорлық жайлаған жағымпаздар алаңына айналдырады. Салдарынан намыс үшін атқа қонып, барымта жасаған өнерлі жастар құрбандыққа шалынады. Жастар ғана емес, қазақтың ықылым заманнан келе жатқан барымта дәстүріне де негативті сипат жамалып, ұлт өміріндегі мәні мен маңызы көмескіленеді. Ояз Коновалов пен нотариус Радзилевичтің қалтасына түскен параның көлемі мен салмағына қарай шығарған шешімінен әділдік іздеп, Ақанның жоғын жоқтаған адал жастар қылмыскер деп танылып, итжеккенге айдалады. Олардың жасаған барымтасы ұрлық деп саналып, оны болашақта жасауға тыйым салынды. Қазақ салтын империя мүддесіне қарай заңдастыру – қазақ жылқыларын ег кедергісіз ресейге тоғытуға жол ашты.

Саналы ғұмырын қазақ жылқысын зерттеуге арнаған ғалым А.Тоқтабай бірқатар ғылыми еңбектерге сүйене отырып, қазақ даласына өз заңдарын жеңіл енгізе, ендіре алмайтынын түсінген патша билеушілері барымтаны «қазақты қазаққа айдап салудың, сөйтіп көшпелілерді уысында ұстаудың бір құралы ретінде» пайдаланғанын атап көрсетеді [7]. Негізінде әлеуметтік терең мотивировкасы бар барымтаның қазақ өміріндегі орны мен рөлі, қандай мақсатта жасалатыны Тәуке ханның Жеті жарғысында кеңінен айтылғаны белгілі. «Барымта – байырғы уақытта дауласушы жақтың бірі би шешіміне наразы болған жағдайда немесе кінәлі жақ би шешімін орындамаған кезде күшпен кепілдікке айдап алынатын жылқы. Дәстүрлі қазақ қоғамында барымта орынды саналатын» [8, 551]. Өкінішке орай, тәртіп үшін, әділдік үшін жасалатын осы дүние қарақшылық шабуыл деп танылып, ұрлық саналды.

Қазақ пен жылқының жаны – егіз деген сөз халқымыздың жылқыға деген махаббаты, құштарлығы, құрметінен туындаған. Диалогияда Құлагердің қайғысымен егіліп жүрген Ақан серінің басына түскен қасірет салмағына белдері қайысып, қайғы жұтқан әнші-күйшінің жанашырлығынан туған барымта мәселесі тарқатылады. Ақан Құлагерін ерекше құтты, оған тек қайыңнан жеке қора соқтырып, оны Ақбалтыр деп атады; жол жиегінен арнайы шеген құдық қаздырды. Ал жүйрігінің өлімінен соң қан жұтып жатып алмай, өнерлі жастармен ел аралап, қазақ қауымындағы қараңғылық көлеңкесін, қаралы күндерін, ел басына төнер қиянат пен зорлық атаулыны достарымен бірге зарлап, күймен төгіп, жырлады. Бұл Ақанның жабырқаған көңілін көтеріп, айуандықпен өлтірілген жүйрігінің қайғысын жеңілдетті. Қазақ салтында қадірлі адамына жоқтау арналса, ел ішінде жануардан ең бірінші жоқтау иесі Құлагер болды. Бүкіл қазақ елі осы трагедия орын алған Сағынай асын Құлагер әнімен біліп, Құлагер өмірімен есте сақтады. Бұл жоқтау-ән ел арасына кең тарады. Шырқатып, шымырлатып салынған бұл ән ақын қанатын қайырған ел ессіздігіне қарғыс айтқандай тебіреніп толқындай шайқалды. Ақын талабының ұшқыр қанатына, шабытына қазылған көр, осылайша халық тарихының үлкен бір бетіне ән болып жазылды. Жоқтау ғана емес, Құлагерге көңіл айтушылар да аз болмады. Туыстар Малтабар, Құлтабар әулетінен жаны ашыр жандар келіп, Құлагер өліміне көңіл айтты. Жастар жағы Құсақ көлінде Құлагер өліміне жұбату сауығын жасады. Шоқанның әкесі Шыңғыс сұлтан да Ақанға: -Ақан, шырақ, қайырын берсін Құлагеріңнің. Ат та болса, досыңдай болған серігің еді. Жай ат емес, үш жүзге мәшһүр болған пырақ еді деп көңіл айтты [3, 202]. Дүлдүлге арнайы жоқтау, көңіл айтылуының өзі оған ор қазып, ақын жүрегіне қаза екендерге қарғыс айтатын оқырмандардың алдағы уақытта да аз болмайтынын білдіреді. Басаралы сынды құмай тазысы, Қараторғай сынды томағалы бүркіті болса да Ақан үшін тұлпардың орны бөлек еді. Шын құлазыған ақынның жан жарасының тереңдігін жігері құм, жүрегі дым, жарымжан боп қажып жеткен кейісті өңінен әкесі да жазбай таныды.

Тарихи оқиғаға байланысты жазылған бұл роман А. Пушкинше айтқанда шындыққа негізделіп ойша дамытылған тарихи дәуір. Көркем туынды болғандықтан сюжет желісінде, даму барысында, кейіпкерлер әрекетінде көркемдік қиял мен шарттылықтарға орын берілгенімен, ел тарихындағы ауыр кезең (орыс отаршылдығының өршуі) шындығын, халық тіршілігінің реалистік сипатын көрсете алған. Диалогия материалы өмір-тарихтың өзінен алынып, нанымды, шынайы көркем суретке айналған. Кеңестік дәуірде тарихымыз бұрмаланып, бүркемеленгенмен, шындықтың ізі жойылмайтынына осы сынды шығармалар дәлел. Академик С. Қирабаев қазақтың өткен тарихын көркем тілмен безбендеп, кестелеуде әдебиеттің рөлі күшті болғандығын, соның арқасында көптеген ақпарат, мағлұматтардың көркем туынды бетінде сақталып қалғанын атап көрсеткен [9]. Жазушы елдің қалыпты тіршілігінің шеңбері тарылып, отаршылдықпен келген ұлт бойындағы психологиялық өзгерістерді, сол кезеңдегі халықтың басынан өткерген саяси өмірін ашып көрсете алды.

**Қорытынды.** Өз заманының қайраткер азаматы Ақан (түрмеге түскен жазықсыз жандарды шығарып алуға жанталасуы, орыс патшасының мұрагерімен кездесіп, орыс тілінде халық мұңын жеткізуі, ел ішіндегі әділетсіздікпен күресуі т.б.) мен отарланған заманның қарым-қатынасына негізделген концепцияны алға тартты. Әдебиет тарихи оқиғалардың бәрін «тізбектеуді өз мойнына алмай, қоғамдық дамудың негізгі басым тенденциясын аша отырып, сол арқылы халық өмірінде ерекше рөл атқарған оқиғалар мен жеке тағдырларды бейнелейтінін» [9, 9] ескерсек, жазушының өмір шындығын терең байыптап, көркемдікпен игергенін түсінеміз. Осы тұрғыда әдебиет өзінің ғылыми принципіне сай өмір шындығын жеке тұлғаның өмірімен байланыста беріп, кейіпкердің ойы, тағдыры, сезімі, көзқарасы арқылы дәуір келбетін, үнін, қазақ үшін қайырсыз болған қасіретті тұстарын көрсетеді. Режимге бағынған, кеңестік билікті қолдаған, патша үкіметін айыптаған болып отырып, отарлаудың қазақ жерінде қалай басталып, жүзеге асырылғанын, оның заңды мұрагерлері де сол бағытты ұстанып келе жатқанын мақтамен бауыздағандай етіп, Ақан сері тағдыры арқылы көрсетіп

берді. Демек, тәуелсіздіктің ақ таңы атып, әділдік орнап, елінің азаттық алатынына деген сенім болды. Оны автордың жүрегінен шығып, керей жігітінің жалынды сөзімен берілген: - Жігіттер, бәріміз Алаш азаматымыз [3, 25] деген сөздер ұғындырады. Ал туынды жарық көрген уақытта алаш деген сөзді айтуға көптің батылы бармағаны белгілі.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Тоқшылыкова Г.Б., Сартбаева Э., Бораиш Р.Б. Қазақ даласын отарлау процесінің әдебиеттегі көрінісі // Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ Хабаршысы. Филология сериясы. 2023 жыл, Том 71, №3. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.71.4.028>
2. Tokshylykova G., Rakhmanuly A., Assylbekuly S., Kalibekuly T. The horse as a symbol of cultural identity and resistance in Kazakhstan's colonial history // *Journal of Infrastructure, Policy and Development*, 2024, 8(12), iden. 9038.
3. Жүнісов С. С. Ақан сері. Роман. Шығармалары. – Алматы: Таймас баспа үйі, 2013. Т.2: Ақан сері. Роман. 1-кітап. – 320 б.
4. Айталы А. Ұлтшылдық пен ұлтсыздық // *Егемен Қазақстан*, 2012. – 27 маусым (352/355). – 7-8 б.
5. Ысқақов Қ. Жан қимақ. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2003. – 328 б.
6. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. -Алматы: Жазушы, 1989. – 445 б.
7. Тоқтабай А. Барымта – батырлық мектебі // *Отан тарихы*, 2007. №3. – 186-194 б.
8. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: ТОО Алем Даму Интеграция, 2017. – 856 б.
9. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. Т. 8. – Алматы: Қазығұрт баспасы, 2007. – 448 б.

*References:*

1. Tokshylykova G. B., Sartbaeva E., Borash R. B. (2023). Kazak dalasyn otarlau prosesining adebiettegi korinisi [The representation of the colonization process of the Kazakh steppe in literature]. *Abylai Khan atyndagy KazHKKzhu Habarshysy. Filologia seriyasi*, 71(3). <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.71.4.028>
2. Tokshylykova G., Rakhmanuly A., Assylbekuly S., Kalibekuly T. (2024). The horse as a symbol of cultural identity and resistance in Kazakhstan's colonial history. *Journal of Infrastructure, Policy and Development*, 8(12), iden. 9038.
3. Zhunisov S. S. (2013). *Akan Seri. Roman [Akan Seri. Novel]*. In *Shygarmalary (Vol. 2, pp. 1-320)*. Almaty: Taimas baspa üyi. 320 p.
4. Aitaly A. (2012). *Ultykshyldyk pen ultsyzydyk [Nationalism and lack of national identity]*. *Egemen Kazakstan*, (352/355), 7-8.
5. Yskakov K. (2003). *Zhan kimak [Sacrifice]*. Almaty: Sozdik-Slovar. 328 p.
6. Zhumagaev M. (1989). *Shygarmalar jinagy [Collected works]*. Almaty: Jazushy. 445 p.
7. Toktabai A. (2007). *Barymta – batyrylyk mektebi [Barymta – the school of heroism]*. *Otan tarıhy*, (3), 186-194.
8. *Kazaktyn etnografıalyk kategorıialar, ugymdar men ataularynyn dasturli juiesi [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts, and terms]*. (2017). Almaty: TОО Alem Damu Integraciya. 856 p.
9. Kirabaev S. (2007). *Koptomdyk shygarmalar zhinagy [Collected works in multiple volumes]* (Vol. 8). Almaty: Kazygurt baspasy. 448 p.

## БІЗДІҢ АВТОРЛАР

**Архангельская Алла Мстиславовна** – филология ғылымдарының докторы, славянтану кафедрасының профессоры, философия факультеті, Оломоуц қаласындағы Палацкий университеті (Чехия Республикасы), Id=57213609175, e-mail: [alla.arkanhelska@upol.cz](mailto:alla.arkanhelska@upol.cz)

**Адибаева Шолпан Тимуровна** – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, қауымдастырылған профессор, Сәтбаев университетінің қазақ және орыс тілдері кафедрасы, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1043-3275>, e-mail: [s.adibayeva@satbayev.university](mailto:s.adibayeva@satbayev.university)

**Казабеева Виталия Алексеевна** – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, қауымдастырылған профессор, Сәтбаев университетінің қазақ және орыс тілдері кафедрасы, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-2848-6843>, e-mail: [v.kazabeyeva@satbayev.university](mailto:v.kazabeyeva@satbayev.university)

**Кенжеғалиева Меруерт Кайратовна** – қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының магистранты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-8098-913X>, e-mail: [meruertkenzhegalieva@gmail.com](mailto:meruertkenzhegalieva@gmail.com)

**Абишева Сауле Джунусовна** – филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4497-0805>, e-mail: [s.abisheva@mail.ru](mailto:s.abisheva@mail.ru)

**Атембаева Гульнара Айдашевна** – орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4376-5022>, e-mail: [g.atembaeva@gmail.com](mailto:g.atembaeva@gmail.com)

**Хавайдарова Мехриниса Марсовна** – филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2128-4236>, e-mail: [mehrinisa\\_73@mail.ru](mailto:mehrinisa_73@mail.ru)

**Бисенғали Зинол-Ғабден Қабиұлы** – филология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1503-2737>, e-mail: [zinolgabden@hotmail.com](mailto:zinolgabden@hotmail.com)

**Жолдасқалиқызы Әсел** – магистрант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-6854-5883>, e-mail: [azholdaskalikyzy@mail.ru](mailto:azholdaskalikyzy@mail.ru)

**Герчинска Данута** – филология ғылымдарының докторы, профессор, Слупск қаласындағы Помор Университеті, Польша, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3225-2002>, e-mail: [danuta.gierczynska@apsl.edu.pl](mailto:danuta.gierczynska@apsl.edu.pl)

**Казтаева Айымжан** – әдебиеттану мамандығының 1 курс докторанты, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-9244-0384>, e-mail: [aiym.kaztaeva@mail.ru](mailto:aiym.kaztaeva@mail.ru)

**Тоқшылықова Гүлназ Базарбайқызы** – магистр, Абай атындағы ҚазҰПУ, Филология факультетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4116-5042>, e-mail: [gulnaz\\_lit75@mail.ru](mailto:gulnaz_lit75@mail.ru)

**Нурақбаева Айгүль** – магистрант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-6102-4548>, e-mail: [aigulnurakbay@gmail.com](mailto:aigulnurakbay@gmail.com)

**Мәтбек Нұрсұлу** – магистрант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3896-4310>, e-mail: [nursulu.m@mail.ru](mailto:nursulu.m@mail.ru)

**Оспанов Еділбай** – филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2253-134X>, e-mail: [ospanov.yedilbay@gmail.com](mailto:ospanov.yedilbay@gmail.com)

**Мергенбаева Арайлым** – орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының магистранты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-5249-1144>, e-mail: [mergenbayeva00@bk.ru](mailto:mergenbayeva00@bk.ru)

**Тлеубекова Ботакөз Тургамбаевна** – филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5186-3437>, e-mail: [biko.1972@mail.ru](mailto:biko.1972@mail.ru)

**Жетписов Еділ** – Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс магистранты, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-1072-1041>, e-mail: [edilzhetpis@gmail.com](mailto:edilzhetpis@gmail.com)

**Умарова Акмарал Базархановна** – магистр, Абай атындағы ҚазҰПУ, Филология факультетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8528-4131>, e-mail: [magenta\\_feels@mail.ru](mailto:magenta_feels@mail.ru)

**Мадиев Сансызбай** – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3255-2689>, e-mail: [sansyzbay.madiev@mail.ru](mailto:sansyzbay.madiev@mail.ru)

**Шарапиева Рысалды** – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының магистранты, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-4590-0585>, e-mail: [sharapievarysaldy@gmail.com](mailto:sharapievarysaldy@gmail.com)

**Мукашева Айнур Адилхановна** – PhD докторанты, 1 курс. Л.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-1965-8535>, e-mail: [Wayintoenglish@yandex.ru](mailto:Wayintoenglish@yandex.ru)

## НАШИ АВТОРЫ

**Архангельская Алла Мстиславовна** – доктор филологических наук, профессор кафедры славистики Философского факультета Университета им. Палацког в Оломоуце (Чехия), Id=57213609175, e-mail: [alla.arkhanhelska@upol.cz](mailto:alla.arkhanhelska@upol.cz)

**Адибаева Шолпан Тимуровна** – кандидат филологических наук, доцент, профессор кафедры казахского и русского языков, Сатпаев Университет, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1043-3275>, e-mail: [s.adibayeva@satbayev.university](mailto:s.adibayeva@satbayev.university)

**Казабеева Виталия Алексеевна** – кандидат филологических наук, доцент, профессор кафедры казахского и русского языков, Сатпаев Университет, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-2848-6843>, e-mail: [v.kazabeyeva@satbayev.university](mailto:v.kazabeyeva@satbayev.university)

**Кенжегалиева Меруерт Кайратовна** – магистрант кафедры казахского языка и литературы Казахского национального женского педагогического университета, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-8098-913X>, e-mail: [meruertkenzhegalieva@gmail.com](mailto:meruertkenzhegalieva@gmail.com)

**Абишева Сауле Джунусовна** – доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4497-0805>, e-mail: [s.abisheva@mail.ru](mailto:s.abisheva@mail.ru)

**Атембаева Гульнара Айдашевна** – докторант кафедры русского языка и литературы, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4376-5022>, e-mail: [g.atembaeva@gmail.com](mailto:g.atembaeva@gmail.com)

**Хавайдарова Мехриниса Марсовна** – кандидат филологических наук, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2128-4236>, e-mail: [mechrinisa\\_73@mail.ru](mailto:mechrinisa_73@mail.ru)

**Бисенгали Зинок-Габден Кабиұлы** – доктор филологических наук, профессор, КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1503-2737>, e-mail: [zinolgabden@hotmail.com](mailto:zinolgabden@hotmail.com)

**Жолдасқалиқызы Асель** – магистрант Казахского национального университета имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-6854-5883>, e-mail: [azholdaskalikyzy@mail.ru](mailto:azholdaskalikyzy@mail.ru)

**Герчинска Данута** – доктор филологических наук, профессор Поморского университета в Слупске, Польша, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3225-2002>, e-mail: [danuta.gierczynska@apsl.edu.pl](mailto:danuta.gierczynska@apsl.edu.pl)

**Казтаева Айымжан** – докторант 1 курса литературоведения, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-9244-0384>, e-mail: [aiym.kaztaeva@mail.ru](mailto:aiym.kaztaeva@mail.ru)

**Токшылыкова Гульназ Базарбаевна** – магистр, старший преподаватель факультета Филологии КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4116-5042>, e-mail: [gulnaz\\_lit75@mail.ru](mailto:gulnaz_lit75@mail.ru)

**Нуракбаева Айгуль** – магистрант Казахского национального университета имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-6102-4548>, e-mail: [aigulnurakbay@gmail.com](mailto:aigulnurakbay@gmail.com)

**Матбек Нурсулу** – магистрант Казахского национального университета имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3896-4310>, e-mail: [nursulu.m@mail.ru](mailto:nursulu.m@mail.ru)

**Оспанов Едилбай Толеубаевич** – кандидат филологических наук, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2253-134X>, e-mail: [ospanov.yedilbay@gmail.com](mailto:ospanov.yedilbay@gmail.com)

**Мергенбаева Арайлым** – магистрант кафедры русского языка и литературы Казахского национального педагогического университета имени Абая, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-5249-1144>, e-mail: [mergenbayeva00@bk.ru](mailto:mergenbayeva00@bk.ru)

**Тлеубекова Ботакоз Тургамбаевна** – доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5186-3437>, e-mail: [biko.1972@mail.ru](mailto:biko.1972@mail.ru)

**Жетписов Едилъ** – Казахский национальный университет имени Абая, магистрант 1 курса, специальность Казахский язык и литература, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-1072-1041>, e-mail: [edilzhetpis@gmail.com](mailto:edilzhetpis@gmail.com)

**Умарова Акмарал Базархановна** – магистр, старший преподаватель филологического факультета КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8528-4131>, e-mail: [magenta\\_feels@mail.ru](mailto:magenta_feels@mail.ru)

**Мадиев Сансызбай** – кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3255-2689>, e-mail: [sansyzbay.madiev@mail.ru](mailto:sansyzbay.madiev@mail.ru)

**Шарапиева Рысалды** – Казахский национальный университет имени аль-Фараби, аспирант кафедры издательского, редакционного и дизайнерского искусства, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-4590-0585>, e-mail: [sharapievarysaldy@gmail.com](mailto:sharapievarysaldy@gmail.com)

**Мукашева Айнур Адилхановна** – Phd докторант, 1 курс. ЕНУ имени Л. Гумилева, Астана, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-1965-8535>, e-mail: [Wayintoenglish@yandex.ru](mailto:Wayintoenglish@yandex.ru)

## OUR AUTHORS

**Arkhangelskaya Alla** – Doctor of Philological Sciences, Professor, Department of Slavic Studies, Faculty of Philosophy, Palacky University in Olomouc (Czech Republic), Id=57213609175, e-mail: [alla.arkhanhelska@upol.cz](mailto:alla.arkhanhelska@upol.cz)

**Adibayeva Sholpan** – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Professor of Kazakh and Russian Languages Department, Satpayev University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1043-3275>, e-mail: [s.adibayeva@satbayev.university](mailto:s.adibayeva@satbayev.university)

**Kazabeyeva Vitalia** – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Professor of Kazakh and Russian Languages Department, Satpayev University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-2848-6843>, e-mail: [v.kazabeyeva@satbayev.university](mailto:v.kazabeyeva@satbayev.university)

**Kenzhegaliyeva Meruert** – master's student of Kazakh Language and Literature Department of the Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-8098-913X>, e-mail: [meruertkenzhegalieva@gmail.com](mailto:meruertkenzhegalieva@gmail.com)

**Abisheva Saule** – Doctor of Philological Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: 0000-0002-4497-0805, e-mail: [s.abisheva@mail.ru](mailto:s.abisheva@mail.ru)

**Atembayeva Gulnara** – doctoral student of Russian Language and Literature Department of Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4376-5022>, e-mail: [g.atembaeva@gmail.com](mailto:g.atembaeva@gmail.com)

**Khavaidarova Mekhirnisa Marsovna** – Candidate of Philological Sciences, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2128-4236>, e-mail: [mechrinisa\\_73@mail.ru](mailto:mechrinisa_73@mail.ru)

**Bisengali Kabiuli Zeinol-Gabden** – Doctor of Philological Sciences, Professor, Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1503-2737>, e-mail: [zinolgabden@hotmail.com](mailto:zinolgabden@hotmail.com)

**Zholdaskalikyzy Asel** – master's student of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-6854-5883>, e-mail: [azholdaskalikyzy@mail.ru](mailto:azholdaskalikyzy@mail.ru)

**Gierczyńska Danuta** – Doctor of Philological Sciences, Professor, Pomeranian University in Słupsk, Poland, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3225-2002>, e-mail: [danuta.gierczynska@apsl.edu.pl](mailto:danuta.gierczynska@apsl.edu.pl)

**Kaztayeva Aymzhan** – doctoral student of 1st year of Literature Studies, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-9244-0384>, e-mail: [aiym.kaztaeva@mail.ru](mailto:aiym.kaztaeva@mail.ru)

**Tokshylykova Gulnaz** – Master, Senior Lecturer of Abai KazNPU, Faculty of Philology, Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4116-5042>, e-mail: [gulnaz\\_lit75@mail.ru](mailto:gulnaz_lit75@mail.ru)

**Nurakbayeva Aigul** – master's student of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-6102-4548>, e-mail: [aigulnurakbay@gmail.com](mailto:aigulnurakbay@gmail.com)

**Matbek Nursulu** – master's student of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3896-4310>, e-mail: [nursulu.m@mail.ru](mailto:nursulu.m@mail.ru)

**Ospanov Yedilbay** – Candidate of Philological Sciences, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2253-134X>, e-mail: [ospanov.yedilbay@gmail.com](mailto:ospanov.yedilbay@gmail.com)

**Mergenbayeva Arailym** – master's student of Russian Language and Literature Department of Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-5249-1144>, e-mail: [mergenbayeva00@bk.ru](mailto:mergenbayeva00@bk.ru)

**Tleubekova Botakoz** – Doctor of Philological Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5186-3437>, e-mail: [biko.1972@mail.ru](mailto:biko.1972@mail.ru)

**Zhetpisov Yedil** – Abai Kazakh National University, 1st year master's student, specialty Kazakh Language and Literature, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-1072-1041>, e-mail: [edilzhetpis@gmail.com](mailto:edilzhetpis@gmail.com)



**Umarova Akmaral** – Master, Senior Lecturer, Faculty of Philology, Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8528-4131>, e-mail: [magenta\\_feels@mail.ru](mailto:magenta_feels@mail.ru)

**Madiyev Sansyzbay** – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3255-2689>, e-mail: [sansyzbay.madiyev@mail.ru](mailto:sansyzbay.madiyev@mail.ru)

**Sharapiyeva Rysaldy** – Al-Farabi Kazakh National University, postgraduate student of the of Publishing, Editorial and Design arts Department, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-4590-0585>, e-mail: [sharapievarysaldy@gmail.com](mailto:sharapievarysaldy@gmail.com)

**Mukasheva Ainur Adilkhanovna** – PhD student, 1st year. L. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-1965-8535>, e-mail: [Wayintoenglish@yandex.ru](mailto:Wayintoenglish@yandex.ru)